

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7М07510-«Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша)

Тіркеу номері	7М07500004
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7М07-Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7М075-Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
Білім беру бағдарламаларының тобы	М130-Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы білім беру бағдарламасы
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқу тілі	орыс, қазақ, ағылшын
Білім беру бағдарламасының көлемі	120 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2024ж.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	қызметі	қолы
Түлекбаева А.К.	т.ғ.к., доценті, кафедра меңгерушісі	
Бектөбе Н.С.	т.ғ.д., профессор	
Асанова А. Р.	магистр, оқытушы	
Оразмбетова Ә.М.	1 курс магистранты, МНП-24(1)-3-ші тобы	
Рысбекова А.Д.	2 курс магистранты, МНП-22-3-ші тобы	
Маханбетова А.С.	«Қазақстан стандарттау және метрология институты» РМК ШТФ жетекші маманы	
Костауова А.Д.	«Сапалы зерт» ЖШС директоры	
Салешов А.Е.	«Сапа Стандарт КЗ. Сертификаттау орталығы» ЖШС директоры	

Білім беру бағдарламасы «Механика және мұнайгаз ісі» факультетінің академиялық есеп жөніндегі комитет мәжілісінде қаралды, «06» 03 2024ж. № 8 хаттама.

АК (комитет) төрағасы  Түлекбаева А.К.
қолы

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

«06» 03 2024ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы  Сарыкулов К.Р.
қолы

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

«06» 03 2024ж. № 10 хаттама.

МАЗМҰНЫ

1	Білім беру бағдарламасының концепциясы	4
2	Білім беру бағдарламасының паспорты	6
3	Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің құзыреттері	9
3.1	Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы	11
4	Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы	12
5	Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте	20
6	Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау	21
7	Білім беру бағдарламасын оқу-ресурстық қамтамасыз ету	22
	Келісім парағы	23
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	24
	Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды	28
	Қосымша 3. Кәсіби стандарттар	31

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Университет миссиясы	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау
Университет құндылықтары	• Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық. • Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады. • Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі. • Серіктестік – барлығы жеңетін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады. • Өлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.
Бітіруші моделі	• Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту. • Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және жылдам өзгертін ортадағы ұтқырлық. • Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект. • Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік. • Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.
БББ бірегейлігі	• Экономиканың басым салаларында стандарттау мен сертификаттауды дамытудың қазіргі заманғы аспектілерінің аса маңызды мәселелерін шешу үшін ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға бағдарлану Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды:
Академиялық адалдық және этика саясаты	• Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы); • Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (07.12.2021ж. №221-нқ бұйрығы); • Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы);
БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері	1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; 2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары; 3.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар; 4.Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі

	білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары; 5.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі No 152 бұйрығымен және 23.09.2022 жылғы №79 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі; 6.Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы No 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы; 7.Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығына қосымша. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығы; 8.Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, ҚР ҒЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының 4.05.2023 жылғы № 601 н/к бұйрығына 1-қосымша.
Білім беру процесін ұйымдастыру	• Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру • Студентке бағытталған оқыту • Қол жетімділік • Инклюзивтілік
БББ сапасын қамтамасыз ету	• Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі • Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту • Жүйелі мониторинг • Мазмұнды өзектендіру (жаңарту)
Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар
Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары	Ерекше білім беруді қажеттетін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпустарында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты http://lib.ukgu.kz/ тәулік бойы жұмыс істейді. Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	Ел экономикасының басым секторларында стандарттау, сертификаттау, аккредиттеу және сапаны басқару саласында ғылыми және педагогикалық білімі бар магистрлерді даярлау.
БББ міндеттері	• жоғары зияткерлік даму деңгейін алу, ғылыми-педагогикалық қызметте ғылыми еңбекті ұйымдастыру дағдысын және логикалық және сыни ойлауды меңгеру үшін жағдайларды қамтамасыз ету • ғылыми, басқарушылық және технологиялық міндеттерді шешу, проблемалық жағдайларда жедел шешім қабылдау үшін кәсіби қызметте алған білімдерін пайдалана білуді дамыту; • магистрлерге өзгермелі жағдайларға табысты бейімделуге мүмкіндік беретін барлық кәсіби қызмет барысында өз бетінше оқыту және үздіксіз біліктілікті арттыру дағдыларын дамыту; • мамандық бойынша тез жұмысқа орналасу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ел экономикасының түрлі салаларында стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру немесе докторантурада оқуын жалғастыруларына жағдай жасау; • сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.
БББ үйлесімділігі	• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-шы деңгейі; • Dublin Descriptors 7 -шы біліктілік деңгейі; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	• «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 20.11.2023ж. № 591 бұйрығымен бекітілген «Мұғалім» кәсіби стандарты; • «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 30.05.2023ж. № 100 бұйрығымен бекітілген «Тамақ өнімінің сәйкестігін растау» кәсіби стандарты; • «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 30.12.2019ж. № 270 бұйрығымен бекітілген «Стандарттау» кәсіби стандарты; • «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 30.12.2019ж. № 270 бұйрығымен бекітілген «Өнім, үрдіс және қызмет сапасын бақылау» кәсіби стандарты; • «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер

	палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 30.12.2019ж. № 270 бұйрығымен бекітілген «Техникалық реттеу саласындағы мамандарды дайындау» кәсіби стандарты; • «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 30.12.2019ж. № 270 бұйрығымен бекітілген «Аккредиттеу аймағындағы бағалау» кәсіби стандарты; • «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 24.12.2019ж. № 259 бұйрығымен бекітілген «Инновациялық өнімдерді/қызметтерді сынау» кәсіби стандарты; • «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 26.12.2019ж. № 263 бұйрығымен бекітілген «Сапа менеджменті» кәсіби стандарты.
Берілетін дәреженің атауы	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге “7M07510-Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)” білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдарының магистрі дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	Зертхана меңгерушісі, оқытушы, стандарттаудың жетекші мамандары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, көрсетілетін қызметтердің, инновациялық даму менеджері, аккредиттеу бойынша менеджер, аккредиттеу бойынша бағалаушылар, Біліктілік анықтамалығын және басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер министрінің бұйрығымен бекітілген еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 30 желтоқсан 2020 жылғы №553 бұйрығы біліктілік талаптарына сәйкес қызмет атқара алады.
Кәсіби қызмет саласы	Кәсіби қызмет саласы болып сапаны басқару және білім саласында Еуразиялық экономикалық одақтың талаптарын, басқару саласындағы еуропалық және халықаралық тәжірибені назарға ала отырып стандарттау, сертификаттау және аккредиттеудің ұлттық жүйесін жетілдіру, нормативтік-құқықтық базаны үйлестіру мәселелерін шешу арқылы стандарттау және сертификаттаудың жалпы ғылыми және арнайы әдістерін пайдалану негізінде инновациялық технологиялар мен жаңа техниканы стандарттау, ақпаратты іздеу, тандау, талдау және жүйелеу қызмет сапасын жоғарлату үшін стандарттау және сертификаттау жүйесінің ғылыми аспектілері табылады.
Кәсіби қызметтің объектілері	• техникалық комитеттер, стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласындағы уәкілетті органдар; • стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу, сапаны басқару саласындағы ғылыми-зерттеу ұйымы; • сәйкестікті растау жөніндегі органдар (сертификаттау); • өнімдердің, процестердің, қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігінің көрсеткіштеріне сәйкестігін растауға тікелей қатысы бар сынақ зертханалары; • ел экономикасының барлық салаларының кәсіпорындарын стандарттау, сертификаттау, аккредиттеу және сапа менеджменті жүйелері.

Кәсіби қызмет пәні	• жаңа және инновациялық өнімдер мен технологияларға арналған нормативтік-техникалық құжаттама; • жаңа жабдықтар; • халықаралық менеджмент жүйесі; • өнімнің, процестердің, қызметтердің инспекциялық қызметінің сапасын қамтамасыз ету үшін ғылыми зерттеулер; • стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласында мамандарды даярлау бойынша білім беру қызметтері; • сапаны бақылау; • кәсіпорындар зертханаларының, сынақ орталықтарының сынау жабдықтары; • нормативтік құжаттардың әр түрлі түрлері мен санаттары; • оқу-әдістемелік құжаттар, білім берудің техникалық құралдары.
Кәсіби қызмет түрлері	• ұйымдастыру-басқарушылық; • өндірістік-технологиялық; • есептік-жобалық; • ғылыми-зерттеу; • педагогикалық.
Оқыту нәтижелері	ОН1 Ғылым тарихы мен философиясы саласындағы тұтас жүйелік дүниетаным негізінде кешенді және пәнаралық зерттеулерді жоспарлау және жүзеге асыру, шет тілі білімін қолдану арқылы ақпараттық ресурстарды тарта отырып, ғылыми-техникалық ақпаратты талдау және жалпылау. ОН2 Ұйымдағы персоналды басқару жүйесінің дамуын әлеуметтік-психологиялық технологиялар мен тәуекелге бағдарланған тәсіл принциптерін қолдана отырып бағалау. ОН3 Стандарттау және сертификаттау саласында оқытудың инновациялық әдістерін қолдану, жоғары мектеп мұғалімінің еңбегін ғылыми ұйымдастыруды сыни тұрғыдан бағалау. ОН4 Азық-түлік өнімдерінің сәйкестігін бағалау процесінде кәсіби сараптама қызметін көрсету қабілетін көрсету, кәсіби қызметте стандартты емес жағдайларда басқарушылық және техникалық шешімдерді қабылдау кезінде шығармашылық және логикалық ойлауды көрсету. ОН5 Инновациялық өнімдер/қызметтер, процестер, менеджмент жүйелері сапасының жай-күйі мен динамикасын талдау, стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу жүйелерінің ғылыми ережелерін қолдану. ОН6 Ақпараттық ресурстарды тарта отырып, ел экономикасының түрлі салаларын стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу жүйелерін жетілдіру бойынша талдамалық жұмыс жүргізу. ОН7 Эксперименттік зерттеулерді өз бетінше жүргізу, мамандармен және басқа да мүдделі тараптармен талқылау кезінде олардың нәтижелерін негіздеу. ОН8 Білім, ғылым және инновация интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге қатысу.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БІТІРУШІ ТҮЛЕГІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

Жалпы құзыреттіліктер (SOFT SKILLS). Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық қасиеттер	
ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзыреттілігі	ЖҚ 1.1 Өмір бойы кәсіби және жеке өсуге ұмтылыңыз; ЖҚ 1.2 Таңдалған траекторияда және пәнаралық ортада білімдерін үнемі жаңартып отыру, жоғары дербестік пен өзін-өзі реттеу дәрежесімен одан әрі оқуды жүзеге асыру. ЖҚ 1.3 Рефлексияға қабілетті болу, өз жетістіктерін объективті бағалау, жаңа құзыреттерді қалыптастыру және докторантурада оқуды жалғастыру қажеттілігін сезіну.
ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік	ЖҚ 2.1 Келіссөздер жүргізу және іскерлік хат алмасу үшін мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде кәсіби салада жеткілікті деңгейде коммуникацияға ие болу мүмкіндігі. ЖҚ 2.2 Медиация және мәдениетаралық түсіністік дағдыларын меңгеру қабілеті.
ЖҚ 3. Математикалық және жаратылыстану құзыреті	ЖҚ 3.1 Оқу саласындағы қолданбалы есептерді шешу үшін математикалық талдау және модельдеу әдістерін түсіндіре білу. ЖҚ 3.2 Ғылыми тәжірибелерді орнатуды жоспарлау, кәсіби салада ғылыми зерттеулердің нәтижелерін біріктіру және енгізу қабілеті. ЖҚ 3.3 Педагогикалық-психологиялық ғылымның заманауи әдістерін талдап, түсіну және оларды педагогикалық қызметте қолдана білу.
ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық	ЖҚ 4.1 Заманауи ақпараттық және цифрлық технологияларды, жасанды интеллект жүйелерін жұмыста, демалыста және коммуникацияда сенімді пайдалана білу. ЖҚ 4.2 Сандық құрылғылардың кең ауқымында ақпаратты пайдалану, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну және алмасу дағдылары. ЖҚ 4.3 Ғаламдық ақпараттық ресурстарды сенімді пайдалану және технологиялық сауаттылықты ғылыми-зерттеу және есептеу және аналитикалық қызметте қолдану мүмкіндігі.
ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және академиялық құзыреттер	ЖҚ 5.1 Іскерлік этика нормаларын, әлеуметтік және этикалық құндылықтарды меңгеру және оларға кәсіби қызметте бағдарлану. ЖҚ 5.2 Қазіргі әлемде мобильділікке, сыни тұрғыдан ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. ЖҚ 5.3 Топта жұмыс істей білу, пікірталас кезінде өз позициясын дұрыс, анық және дәлелді қорғау және кәсіби сипаттағы шешімдер қабылдау. ЖҚ 5.4 Қызметтің әртүрлі әлеуметтік салаларында және белгісіздік жағдайында барабар шарлау мүмкіндігі. ЖҚ 5.5 Компромисстерді таба білу, өз пікірін ұжымның пікірімен салыстыру.
ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреттілік	ЖҚ 6.1 Көшбасшылық қасиеттердің көрінісі және басқаларға жағымды әсер ету, ұжымды басқара білу. ЖҚ 6.2 Ұжымның шығармашылық және іскерлік қабілетін

	дамытуға жағдай жасай білу. ЖҚ 6.3 Белгісіздік режимінде және тез өзгертін тапсырма шарттарында жұмыс істеу, шешім қабылдау, өзгертін жұмыс жағдайларына жауап беру, ресурстарды бөлу және уақытты басқару мүмкіндігі. ЖҚ 6.4 Тұтынушылардың қажеттіліктерімен жұмыс істей білу
ЖҚ 7. Мәдени хабардарлық және өз ойын жеткізе білу	ЖҚ 7.1 Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсете білу. ЖҚ 7.2 Дүние жүзі халықтарының салт-дәстүріне, мәдениетіне төзімділік таныту, рухани биік қасиеттерге ие болу.
Кәсіби құзыреттіліктер (HARD SKILLS). Осы салаға тән теориялық білім мен тәжірибелік дағдылар	
Осы бағытқа тән теориялық білімі, практикалық дағдылары мен икемділігі	КҚ 1. Оқытудың дағдыларын меңгеру мүмкіндігі: дәріс оқу, зертханалық және практикалық сабақтарды жүргізу; сабақ барысында интерактивті әдісті пайдалану; оқу құжаттарының түрлері мен мақсаттарын білу; базалық оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу технологиясын игеру; сабақ өткізуде оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құжаттарға қатысты сапа менеджмент жүйесінің рәсімдерін білу қабілеті.
	КҚ 2. Ғылыми және өндірістік-технологиялық қызметте стандарттау және сертификаттаудың фундаменталды және қолданбалы бөлімдерін білу және шығармашылықта пайдалану: стандарттау әдістерін қолдану, нормативтік құжаттардың халықаралық талаптарымен келісу және әзірлеу үшін әртүрлі технологияларды, кәсіпорындар мен ұйымдарда стандарттарды енгізу тиімділігін бағалауды, сертификаттаудың тиімділігін бағалау әдістерін; ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған мақалаларды жазуды, баяндамаларды және тезистерді меңгеру; ғылыми-техникалық есептерді құрастыру және ғылыми зерттеулердің нәтижесі бойынша көпшілік алдында сөйлеу дағдысына ие болу қабілеті.
	КҚ 3. Өнімдердің, қызметтердің, процестердің сапасын басқару үшін кәсіпорындардың практикалық қызметінде жұмыс жасаудың түрлі инженерлік әдістерін қолдану стратегиясын анықтау; индустриалды мамандандырылған интеграцияланған менеджмент жүйесін дамыту қабілеті.
	КҚ 4. Аттестаттаудың ғылыми-техникалық негіздерін білуге, ресурстардың қажеттілігін бағалауға және әртүрлі өнімдер/қызметтердің сандық және сапалық көрсеткіштерінің сәйкестігін растау міндеттерін шешуде оларды жоспарлау мүмкіндігіне негізделген; өндірістегі экологиялық қауіпсіздік, жұмысшылардың денсаулығын қорғау, жаңа технологиялар мен жабдықтарды енгізу қабілеті.
	КҚ 5. Жаңа инновациялық өнімдерді жоспарлау және шығару кезінде стандарттау және сертификаттау жүйелерін жетілдірудің методологиялық принциптерін қолдану, әр түрлі халықаралық менеджмент жүйелерін енгізу кезінде

	басқарудың халықаралық әдістерін түсіну, олардың жұмысының қорытынды нәтижелеріндегі қызметкерлердің ынталылығын арттыру, сапа мақсатына жету, жаңа сынақ әдістерін қолдану, өнімдерді, қызметтерді, қызметкерлерді, сапа жүйесінің сәйкестігін растау саласында бақылауды жүзеге асыру, тұжырымдау және отандық кәсіпорындар техникалық кедергілерді жою туралы мәселелерді шешу қабілеті.
--	---

3.1 Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы

	Н1	Н2	Н3	Н4	Н5	Н6	Н7	Н8
ЖҚ1	+		+			+		+
ЖҚ2		+			+		+	
ЖҚ3	+		+				+	
ЖҚ4	+			+	+	+		
ЖҚ5		+		+		+		+
ЖҚ6				+	+	+		+
ЖҚ7			+		+		+	
КҚ1		+	+				+	+
КҚ2	+	+		+	+			
КҚ3				+		+	+	
КҚ4			+	+		+		+
КҚ5	+	+				+		

4. МОДУЛЬДЕР МЕН ПӘНДЕРДІҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛЫ МЕН ЕҢБЕК КӨЛЕМІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР МАТРИЦАСЫ

№	Модуль атауы	цикл	компонент	Компонент атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтары)							
							ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8
1	Ғылыми және педагогикалық дайындық модулі	БП	ЖК	Ғылым тарихы мен философиясы	Мақсаты: ғылым феноменінің проблематикасын арнайы философиялық талдау мәні, әлеуметтік-мәдени контексте алынған ғылыми білімді өндіру бойынша ерекше қызметтің даму заңдылықтары мен үрдістерін динамикалық сипатта зерделеу. Мазмұны: Ғылым тарихы мен философиясының негізгі проблемаларының ерекшелігі мен өзара байланысын анықтау. Ғылымның даму заңдылықтарын және ғылыми білімнің құрылымын, ғылыми зерттеу әдістерін зерделеу. Ғылымды дамытудың сыныптық емес және сыныптан кейінгі кезеңінің негізгі тұжырымдамалары мен бағыттарын білу. Жаратылыстану ғылымы, социогуманитарлық және техникалық білім әдіснамасын түсіну негізінде қазіргі теория мен практиканың шындығын талдау. Сыни ойлау қазіргі қоғамның дамуы мен жұмыс істеуінің алғышарты ретінде. Сыни ойлауды дамыту технологиялары: дәлелдердің логикасын қарау және зерделеу. Сыни рефлексивті ойлау мен метакогнитивтік қабілеттерді қалыптастыру.	4		v						v
2		БП	ЖК	Шет тілі (кәсіби)	Мақсаты: болашақ магистранттың кәсіби іс-әрекетінде белсенді тілді меңгеру дағдылары мен дағдыларын одан әрі дамыту негізінде шет тілін оқытудың халықаралық стандарттары шеңберінде коммуникативтік құзыреттілігін жүйелі түрде тереңдету. Мазмұны: B2, C1 деңгейлері жоғары деңгейде кәсіби және академиялық мақсаттарға арналған прагма-кәсіби бағдар түрінде ұсынылады: ғылыми ақпараттық база, ғылыми ақпаратты түсіндіру, дәлелдеу, сендіру, ғылыми қайшылықтар, академиялық жазу. Инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану және заманауи құралдарды қолдану (Интернет ресурстары). Кез келген сабақтас пән бойынша тілдік материалды меңгергендігін көрсету.	4	v							v

3		БП	ЖК	Басқару психологиясы	Мақсаты: ұйымның адам ресурстарын басқару дағдыларын қалыптастыра отырып, психологиялық менеджмент саласындағы білімін меңгеру арқылы психологтың құзыреттілігін қамтамасыз ету. Мазмұны: басқару психологиясының әдіснамалық негіздері. Басқарудың психологиялық теорияларының дамуы. Басқару психологиясының жалпы теориялық сұрақтары. Басқарушылық қарым-қатынас психологиясы. Қызметкерлердің психологиялық ерекшеліктері. Қызметкерлерді ынталандыру психологиясы. Ұйымның адам ресурстарын басқару технологиялары. Ұйымның кадр саясатын психологиялық қамтамасыз ету. Ұйымдағы қақтығыс психологиясы. Тұлғаның кәсіби деформациясының алдын алу технологиялары. Диагностикалық құралдарды жасау, көшбасшыларды оқытудың цифрлық әдістерін әзірлеу және басқарушылық кеңес беру түрінде тәжірибелік енгізу.	4		v							v
4		БП	ЖК	Жоғары мектеп педагогикасы	Мақсаты: магистранттардың студентке бағдарланған оқыту және бағалау қағидаттары негізінде оқу және ғылыми үдерісті жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру, білім беру үдерісіне инновациялық (соның ішінде цифрлық) және тәжірибеге бағытталған оқыту әдістері мен технологияларын экстраполяциялау, оларды ЖЖОКБҰ-дағы академиялық және ғылыми-әдістемелік қызметке дайындау. Мазмұны: Жоғары мектеп педагогикасы ғылым және оқу пәні ретінде. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамасы. Жоғары білім беруді дамытудың заманауи әлемдік тенденциялары. Қазақстандағы жоғары білімнің тарихы, қазіргі жағдайы және даму болашағы. Жоғары мектеп дидактикасы. ЖЖОКБҰ-да студенттерге бағытталған оқыту және бағалау, оның заңдылықтары мен принциптері. ЖЖОКБҰ-дағы білім беру мазмұны. ЖЖОКБҰ-да оқытудың инновациялық педагогикалық технологиялары, нысандары мен әдістері. Студенттік ортада және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктері. ЖЖОКБҰ басқару. ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасын және ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту.	4		v							v

5	Оқытудың әдістемелік негіздері	КП	ЖК	Кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі	Мақсаты: стандарттау және сертификаттау саласындағы арнайы пәндерді оқытудың ерекшеліктерін түсіну, оқыту және сапаны бақылау процесін ұйымдастырудың заманауи технологияларын қолдану. Мазмұны: Білім алушылардың білім сапасын бақылау және оқыту үдерісін ұйымдастырудың заманауи технологиялары. Стандарттау және сертификаттау саласындағы кәсіби цикл пәндері бойынша оқу сабақтарын өткізу. Оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу, кәсіби цикл пәндері бойынша оқу процесінің мазмұнын талдай білу.	5			✓					✓
6		БП	ЖК	Педагогикалық практика	Практиканың мақсаты: қазіргі заманғы педагогқа жаңа талаптарды игеру, университет оқытушысының ғалым, педагог, тәрбиеші, қоғам қайраткері ретіндегі жұмысы, стандарттау және сертификаттау саласындағы мәселелерді шешу үшін логикалық және сыни ойлауды қолдану. Мазмұны: Болашақ мамандығының әлеуметтік маңызы. Кәсіби міндеттерді орындауға мотивация алу. Заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу. Стандарттау және сертификаттау саласында кәсіби-зерттеу мәдениетін дамыту. Стандарттау және сертификаттау, ғылыми-педагогикалық ойлау мәдениеті саласында кәсіби-педагогикалық дағдыларды қалыптастыру.	4			✓					
7	Стандарттау және сертификаттау жүйесінің ғылыми-педагогикалық негіздері	КП	ТК	Стандарттау және сертификаттау саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың ғылыми аспектілері	Мақсаты: ел экономикасы салаларының технологиялық, техникалық және әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін стандарттаудың ғылыми-техникалық принциптерін қолдану мүмкіндігі. Мазмұны: Стандарттау және сертификаттау саласындағы зерттеулерді ұйымдастырудың негізгі кезеңдері. Өнеркәсіптің басым салаларында стандарттау және сертификаттау саласындағы зерттеулерге қазіргі заманғы тәсілдерді талдау. Зерттеулерді ұйымдастыруда жобаларды басқару тұжырымдамасын қолдану. Стандарттау және сертификаттау саласындағы әртүрлі ғылыми жобаларды қалыптастыру.	6				✓	✓			✓
				Стандарттау және сертификаттаудағы инновациялар	Мақсаты: кәсіпорындар мен ұйымдардың практикалық қызметіне стандарттау және сертификаттау бойынша инновациялардың нәтижелерін енгізу мүмкіндігі. Мазмұны: Ел экономикасының кез келген саласының кәсіпорындарында стандарттау және сертификаттау жүйелерін қалыптастырудың инновациялық тәсілдері. Жаңа инновациялық технологияларды таңдау. Ұйымдастырушылық және басқарушылық Инновациялық жүйелер. Инновациялық жобаның тиімділігін бағалау. Кәсіпорынның стандарттау және					✓	✓			✓

					сертификаттау саласындағы инновациялық стратегиясы.									
8		КП	ТК	Сапа менеджменті жүйесін дамытудың заманауи мәселелері	Мақсаты: Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарын дүниежүзілік экономикалық жүйеге дамытудың стратегиялық жоспарларын қалыптастыру үшін қазіргі және болашақ мәселелерді анықтаумен белгісіздік жағдайында жүйелік сапа менеджментінің парадигмасын түсіну. Мазмұны: Ұйымдарда сапа менеджменті жүйесін құрудың әдіснамалық негіздері. Нақты жағдайлар барысында туындайтын менеджмент мәселелері, тиімділік критерийлерін ескере отырып, оларды шешу жолдары, ықтимал әлеуметтік және экономикалық салдарлар, ағымдағы және ұзақ мерзімді басқару шешімдері. Басқару, экономикалық және әлеуметтік ақпарат, бөлімшелер мен тұтастай ұйым деңгейінде басқарушылық шешімдер қабылдау.	7				v			v	v
				Халықаралық стандарттау және сертификаттау жүйелері	Мақсаты: кәсіби қызметі саласында түрлі халықаралық стандарттарды қолдану бойынша ғылыми аспектілерді жүйелеу. Мазмұны: Халықаралық стандарттау және сертификаттау жүйелерінің негіздері. Стандарттау және сертификаттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың қызметі. Қазақстан Республикасының аумағында стандарттау және сертификаттау саласындағы халықаралық стандарттарды әзірлеу, келісу және қабылдау тәртібіне қойылатын талаптар.					v			v	v
9		КП		Зерттеу практика	Практиканың мақсаты: стандарттау және сертификаттау саласындағы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін білу және түсіну. Мазмұны: Өр түрлі салалардағы техникалық реттеу процестерінің заңдылығы. Стандарттау мен сертификаттауға негізделген іргелі ғылымдар арасында байланыс орнату мүмкіндігі. Жеке жоспарға сәйкес диссертация тақырыбы бойынша эксперименттік зерттеулер жүргізу.	6				v	v			
10	МС ИСО 9000 сериясының негізгі бизнес-процестері	КП	ТК	Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғауды стандарттау жүйесі	Мақсаты: еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жүйелік басқаруды қалыптастыру үшін жалпы және арнайы стандарттау әдістерін қолдану, заңнамалық және нормативтік-құқықтық база. Мазмұны: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік	8				v			v	v

					органдар мен кәсіпорындар қызметінің негізгі бағыттары. Еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды стандарттаудың негізгі объектілері.Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік және техникалық құжаттаманы сараптау бойынша ғылыми - зерттеу жұмысын жүргізудің жалпы ғылыми әдіснамасы, логикасы мен технологиясы.									
				Экологиялық менеджмент пен тіршілік қауіпсіздігі менеджментінің заманауи мәселелері	Мақсаты: кәсіпорындарды басқарудың заманауи проблемалық мәселелерін жүйелеу және оларды жетілдірудің әдіснамалық және әдістемелік мәселелерін шешумен кәсіпорындар мен ұйымдар тәжірибесі. Мазмұны: Қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне, қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптарды белгілейтін Заңнамалық база және нормативтік құжаттар. Экологиялық менеджмент және тіршілік қауіпсіздігі менеджменті саласындағы халықаралық жүйелердің негізгі даму тенденциялары. Кәсіпорынның жалпы басқару жүйесінде экологиялық менеджмент және өмірлік қауіпсіздік менеджменті жүйелерін әзірлеу, енгізу және біріктіру.				✓			✓	✓	
11		КП	ТК	ИСО 9000 сериялы стандарттарын енгізу кезінде ұйымның персоналын басқару	Мақсаты: ИСО 9000 стандартына негізделген негізгі теориялық-философиялық және тұжырымдамалық заңдардың, персоналды басқару принциптері мен әдістерінің тереңдеуі. Мазмұны: Қазіргі даму жағдайында МС ИСО 9000 ережелері негізінде персоналды басқару жүйесі. Қызметкерлерді жалдау, бағалау, іріктеу және әлеуметтендірудің заманауи технологиясы. Кадрлық психодиагностика. Ойлау дербестігі және қойылған оқу міндеттерін шешудегі шығармашылық көзқарас.	4		✓	✓					✓
				Қызметкерлерді басқарудың тиімділігін бағалау	Мақсаты: критерийлер, қағидаттар, еңбек шығындарын, жалақыны есепке алу, жалақы, қызметкерлерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау үшін орындау. Мазмұны: Персоналды бағалау саласындағы заманауи, халықаралық әдістерді талдау. "Адамдарға Инвестициялар" ХС қағидаттары мен ережелерін енгізу, мотивациялық схемалар мен өтемақы пакеттерін әзірлеу. Персоналды бағалау жүйесін жетілдіру.			✓	✓					✓
12		КП	ТК	Сапаны басқарудың инженерлік әдістері	Мақсаты кәсіпорынның жүйелік басқару жүйесіндегі инженерлік әдістердің әдістемелік және практикалық аспектілерін зерттеу. Мазмұны: Зерттеу объектісіне байланысты	5					✓	✓		✓

					инженерлік әдістерді таңдау. Ақаулардың, сәйкессіздіктердің себептерін талдау. Күрделі техникалық жүйелерді жобалау үшін ақпарат жинау. Бизнес процестерді бақылау.									
				Сапа инжинирингі	Мақсаты: жоғары сапа стандарттарына сәйкес АТ жүйелері мен корпоративті сәулеттерді және корпоративтік сәулеттерді басқару, дамыту, пайдалану және техникалық қызмет көрсету, олардың сапасын және сапасын бақылау. Мазмұны: Сапа туралы түсінік. Нысандарды жобалау үшін сапа инжинирингінің әдістері. Қолданылған сипаттағы сапа жоспарларын, құралдарын және операциялық схемаларын әзірлеу. Техникалық және экономикалық зерттеулер және жоспарланған инвестицияларды негіздеу. Технологиялар мен прототиптерді зертханалық және тәжірибелік жетілдіру, олардың өндірістік зерттеулері, сонымен қатар келесі қызмет және кеңес беру.					✓	✓		✓	
13	Өнім мен процестердің сапасын басқарудың тәжірибелік аспектілері	КП	ТК	Сапаны басқарудың интегралдық жүйесі	Мақсаты: интеграцияланған менеджмент жүйесінің тиімділігіне, жетілдірілген нәтижелерге қол жеткізіп, қолайсыз салдарлардың алдын алу үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктерге байланысты ғылыми негізделген шараларды жоспарлау және іске асыру. Мазмұны: Біріктіру үшін басқару жүйелерінің жалпы элементтерін талдау. Кәсіпорынның жалпы басқару жүйесіне әртүрлі халықаралық басқару жүйелерін әзірлеу және енгізу. Негізгі бизнес процестерді құжаттау.	4				✓			✓	
